

"ҚТЖ" ҰК" АҚ жер учаскелеріндегі магистральдық байланыс кабелдеріне техникалық қызмет көрсету және қызмет көрсету үшін қоғамдық сервитутты орнату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 6-ш шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару", Сарыөзек ауылдық округі әкімінің ШЕШІМІ:

1. "ҚТЖ" ҰК" АҚ, Сарыөзек ауылдық округінің Шоқай станциясы, Сарыөзек ауылы және Русская Ивановка ауылының жер учаскелерінде орналасқан, жер учаскелеріндегі магистральдық байланыс кабелдеріне техникалық қызмет көрсету және қызмет көрсету үшін, қырық тоғыз жыл мерзімге жер учаскесін алып тастамай, жалпы ауданы 0,535 гектар, жер учаскесіне мемлекеттік сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыөзек ауылдық округінің әкімі

К.Мусалим